

**Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Жаңаауыл", "Көкжыра" учаскелеріне, Құмкөл ауылдық округінің "Қызылқора" учаскесіне, Ойшілік ауылдық округінің "Жүніс" учаскесіне, Кіндікті ауылдық округінің "Үмбет" учаскесіне және Ақсуат ауылдық округінің "Көкжайдақ" бөлігіне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 403 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 28 ақпандағы № 114 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 16 наурыздағы № 5539 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабының 2-тармағының 10) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2017 жылғы 15 желтоқсандағы № 617, № 618, 2018 жылғы 23 қаңтардағы № 31, 2018 жылғы 7 және 22 ақпандағы № 56, № 86 ұсыныстары негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ірі қара және мүйізді ұсақ малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Жаңаауыл", "Көкжыра" учаскелерінде, Құмкөл ауылдық округінің "Қызылқора" учаскесінде, Ойшілік ауылдық округінің "Жүніс" учаскесінде, Кіндікті ауылдық округінің "Үмбет" учаскесінде және Ақсуат ауылдық округінің "Көкжайдақ" бөлігінде, шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 19 қыркүйектегі № 403 "Тарбағатай ауданының Көкжыра ауылдық округінің "Жаңаауыл", "Көкжыра" учаскелеріне, Құмкөл ауылдық округінің "Қызылқора" учаскесіне, Ойшілік ауылдық округінің "Жүніс" учаскесіне, Кіндікті ауылдық округінің "Үмбет" учаскесіне және Ақсуат ауылдық округінің "Көкжайдақ" бөлігіне, шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5221 тіркелген, 2017 жылғы 12 тамыздағы "Тарбағатай" газетінде және 2017 жылғы 09 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Е. Сабырбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК